Бір кездері Қараөткел арқылы аққан Есілдің суы сарқырап жататын. Ұзақ жол жүріп келе жатқан керуен өзеннің жағасына тоқтап, тыныстап алатын еді. Ал кесененің күнмен шағылысқан ақ күмбезі жолаушыларға ақ сапар тілеп тұрғандай. Міне, осындай, ежелгі Сарыарқаның төсінде қала бой көтерді. Басында қала емес, жай ғана қорған сияқты болатын. Бұл төңірекке қоныстанған қазақтар жылдың қай мезгілі болса да Қараөткелдің тайыздау жерімен жылқы, түйе малын пайдаланып, жаз жайлауға ал қысқа қыстауға көшіп-қонып жүретін. Өзеннің осы тұстағы өзен арнасын жабатын қара түсті құмнан Қараөткел пайда болған. Ал одан Нұра өзеніне қарай он сегіз шақырым жерді Ақмола деп атап кетті. Ал күмбезі алыстан көз тартатын кесене Есілдің жағалауында тұр. Ол жерде бір кездері өзінің даналығы мен әділдігімен бүкіл сахара танымал болған Нияз би жерленген. Оның әкесі Тілеулі батыр қазақ-жоңғар ұлт-азаттық соғыс тарихында өзіндік орны бар адам. Аты аңызға айналған қолбасшы, сардарлар Есет пен Жәнібектің үзеңгілесі болған ол Аңырақай, Қалмаққырған мен Қарақұмда 1710-1729 жылдары болған жоңғар соғысында қыпшақтың 92 руының әскерін басқарған. Сонымен қатар, лайықты ұлды тәрбиелей білді. Кейінірек, Нияз би Абылай ханның беделді кеңесшілерінің бірі болды. Ал күмбезі киіз үйдің шаңырағына ұқсайтын, ақ кірпіштен тұрғызылған кесене осы өңірдің атына айналды.

Содан бері міне, қаншама жүздеген жылдар өтті. 1925 жылдың сәуірінде Қазақстанның орталығын Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы шешім қабылданды. Орынбор алты жыл бойы әуелі Қазревкомның, кейіннен Қазақ АССР-інің үкімет органдары орналасқан қала болғанымен, ел астанасы деп ресми атала қойған жоқ. Сол кездің құжаттарынан, баспасөзі мен әдебиетінен астана деген атуды кездестіре

қоймаймыз. Ал Ақмешітті Қазақ елінің шын орталығы ету жөнінде ұйғарым алынғанда, кеңестік республика астанасының атауында мешіт сөзінің тұруы сол кездің идеологиясымен үйлесе қоймағаны анық. Орталық ұғымындағы орда сөзінің кәдеге асқаны сонда. Революция символы қызыл сөзімен кірігіп, Қызылорда атаулы қала пайда болды. Алайда, бір қиындығы ендігі жерде «Қазақстанның ордасы Қызылорда» деген қосарлы тіркес тұрақты қолданылуы тиіс еді. Орталық ұғымына синоним боларлықтай тың сөз қажет еді. Зиялы азаматтар осылайша халық жадында, жыр-толғауларда айтылатын ежелгі астана сөзіне таңдау жасағаны аңғарылады.

1929 жылы астана Алматыға қоныс аударғанда Ілияс Жансүгіров «Жаңа астана» атты очерк жазып: «Алматыға Қазақстан орталығы көшіп келді. Алматы—астана болды. Қазақстан ортасы—ордасына орнықты. Қазақстан еңбекшілерінің ұйтқысы—орталық, өкімет мекемелері басты ұйымдар жаңа қонысына ірге тепті» деп қуанды. Қазақстан орталығы, Қазақстан ортасы, ордасы деген түсініктерді Ілияс та астана сөзімен жарыстыра қолданады. Бір кездегі сарай, орда, астана сөздерінің елдің қоғамдық саяси өміріне, тарихи кезеңдеріне байланысты мәні, атқарар жүгі алмасып отырған тәжірибеге сүйенсек, астана енді қала атауына түпкілікті ауысып, ол ұғымның қызметін басқа балама атқаруы тиіс. Мыңжылдық қолданбасы бар, бір кездерде осы мағынаны білдірген орда атауының елорда түрінде қайта оралуы бүгінгі Астанамызға шартты құбылыс.

Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру тәуелсіз мемлекеттің алғашқы стратегиялық шешімінің бірі. Бұл мәселені Президент Н. Назарбаев тұңғыш рет 1992 жылы көтерген болатын. Жоғарғы кеңестің елорданы көшіру туралы шешімі елдің аса маңызды оқиғалары хронологиясында 1994 жылғы 6 шілде болып белгіленді. 1998 жылғы 6 мамырға дейін Ақмола деп аталған Астана, Президенттің Жарлығымен 1997 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасының елордасы деп жарияланды. 1998 жылғы 10 шілдеде Қазақстанның жаңа елордасы—Астананың халықаралық тұсауы кесілді. 1999 жылы Астанаға ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік қаласы» деген наградасы берілді. Бұл атақ қысқа мерзім ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда неғұрлым әсерлі әрі қуатты өсуге, тұрақты этникааралық қатынасты орнықтыруға қол жеткізе алған ғаламшардың жас қалаларына беріледі. Бразилияда өткізілген бұл конкурста, Астана барлық өлшемдер бойынша әлемнің әр түрлі елдерінің он екі қаласын басып озды. Астана өте серпінді дамуда. Елорда көшірілген кезден бастап қала экономикасына салынған инвестиция көлемі 3,5 млрд. доллардан асты. 2007 жылға дейін Астананың құрылысына 238,6 миллиард теңге көлемінде қаражат жұмсау жоспарлануда. Астананың ойдағыдай дамып келе жатқанының белдігілерін оның халқының жедел өсуінен байқауға болады. Елорданы көшіру жарияланған жылы мұнда не барі 225 мың адам тұратын. 2004 жылы елорда тұрғындарының саны екі есе өсіп, жарты миллионнан асып кетті. 1998 жылы Астана еркін экономикалық аймақтың WEP SA халықаралық қауымдастығына кірді.

Әлемнің 15 қаласы Қазақстан елордасының бауырлас қалалары болып табылады, олардың арасында Мәскеу, Берлин, Будапешт, Варшава, Минск, Киев, Анкара, Рига, Бангкок және басқалары бар. Бүгінде Астана тәуелсіз Қазақстанның елордасы ретінде әлемнің саяси картасында берік орнықты. Қазақстан егемендік алғалы бері бірінші рет астанасының орнын ауыстыруда тұрғылықты халықтың мүддесін ескере отырып, дербес шешім қабылдады. Осы іспеттес оқиғалар өмірдің өзі халық пен үкіметінен маңызды шешім қабылдауын талап еткен жағдайларда іске асып жатады.

Ресей, Нидерландия Германия, Пәкстан, Түркия, Бразилия және тағы басқа елдердің астана ауыстырудағы тәжірибелерін мысал ретінде келтіруге болады. Ұлы Ататүріктің жаңа демократиялық Түркия астанасын елдің орталығы Анкара қаласына ауыстыруы тегін шешім емес. Осман империясының құлаған әкімшілік орталығы Ыстамбұл сол бір тарихи кезеңде жаңа талапқа сай келмей, бұрынғы режимнің қайта орнау қаупін туғызды. Болашақ астана ретінде Анкара қаласы түрік мемлекетінің негізін қалап, ғасырлар бойы ұлт бірлігін сақтап келеді және әкімшілік орталық ретінде түрік туын асқақтатуда. Сол кездегі дана Ататүрік шешімінің ұлт мүддесіне сай келенін тарихтың өзі дәлелдеді.

Өткен ғасырда Ресейдің динамикалық түрде дамуын Петр І-дің империя астанасын Нева жағалауына орналастыру туралы шешімінсіз көзге елестету қиынға соғар еді. Сол уақыттағы қала салуға кедергі келтіретін табиғи жағдайлардың қиындығына қарамастан, ел астанасы салынып бітті. Ұлы реформатор «Еуропаға терезе аша» отырып, елдің ұзақ уақытқа гүлденуі мен өркендеуінің бағыт-бағдарын анықтады. Петербург мемлекет астанасының тарихи миссиясын орындап, қазіргі кезде тек Ресейдің ғана емес, Еуропаның, тіпті бүкіл әлемнің экономикалық мәдени және ғылыми орталығы болып табылады. Әрине, астананы ауыстыру жөніндегі әлемдік тәжірибелерді айта берсек, көптеген мысалдар келтіруге болады.

Түркі-монғол дүниесі саяси орталыққа ат беруде ерекше ұстамдылық танытқан. Саяси үстемдік құмарлықты білдіретін немесе мемлекет пен билікшіні мадақтайтын дәріптемелік сипаттамалар атымен ұшыраспайды. Көбіне-көп оның мемлекеттің саяси орталығы екендігін білдірумен ғана шектелген. Қарақорым — әскери қосын қонатын орын. Ұрға — әскер басының ордасы тұратын тұрақ. Сарай — билік мекемесі орналасқан жәй. Олар бұл қағиданы өздері үстемдік еткен кеңістікке де кеңінен дарыта білген. Мәселен, Пекинді монғолдар Ханбалгат (патша қала) деп атаса, қытайлар Бэйцзин — солтүстік астана, ал Нанкинді Нанцзин — оңтүстік астана деп атаған. Жапондар да ескі астанасын Киото — батыс астана, жаңа астанасын Токио — шығыс астана деп атаған. Бұл батыс елдеріне тән дәстүр. Славян дүниесі Византия астанасы Константинопольді Царь-град — патша қала атаған. Кингстон — король тұратын қала атауы соған куә. Сондықтан жаңа саяси орталығымызды жәй ғана Астана атауымыздың тарихи дәстүрлерімен қай тұрғыдан келсек те, терең қабысады. Өткен ғасырларда астананың орнын ауыстыру тек қана сол кездегі жауапкершілік себептерге байланысты болса,

ал XX ғасырдың ортасынан бастап геосаясатқа, экологияға, демографияға қатысты басқа бағыт алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттің астанасын Ақмолаға көшіру туралы Жарлығын шет ел басшылары түсіністікпен қабылдап, геосаяси мәнге ие деп бағалауда. Еуразия құрлығының дәл «жүрегінде» орналасқан Астананың XXI ғасырда халықаралық саясаттағы маңызды орталыққа айналу мүмкіншілігі бар. Жаңа астананың Алматы қаласына қарағанда көркеюі үшін өндірістік объектілер, әлеуметтік инфрақұрылымдар, әуежайлар, әлемдік деңгейдегі офистер және қонақүйлер салу жағынан көптеген перспективалық артықшылықтары бар.

Еліміздің астанасын көшіру халықаралық байланысты тереңдетуге үлкен септігін тигізбек. Мемлекет астанасының орналасу орны болашақта жолаушылар және жүк тасымалдаудың, сонымен қоса телекоммуникацияның, үлкен халықаралық транзитті жолдар торабының түйісетін орталығы болмақ. Атап айтқанда, кіндік қала Еуропа елдерін Азия Тынық мұхит аймағының жылдам дамумен келе жатқан аудандарымен тез және сенімді түрде байланыстырады. Бас қаланың Астана деген атауына келетін болсақ, оның біршене негіздері бойынша артықшылығы бар. Атап айтқанда, оның бір ғана түсіндірмесі бар және де бұл сөз нақты айшықталған мәнге ие.

Астана атауы ешқандай да келеңсіз саяси немесе тарихи ұғындыруларға салынбаған. Жаңа атау құлаққа жағымды естіледі және графикалық тұрғыда мемлекеттік тілде де, сондай-ақ негізгі халықаралық тілдерде де сәтті көрінеді, оның үстіне естілу әуезі іс жүзінде ешқандай өзгеріске ұшырамайды. Қазақстанның территориялық бөлінбейтін біртұтастығы Ата Заңда бекітілген. Қазіргі егеменді еліміздің шекарасы республиканың қауіпсіздік кепілі болып табылатынын бүкіл әлемдік қауымдастық таныған. Қазақстан астанасының көшуі республикадағы этникалық ахуалды нығайтуға және біздің елдің халықаралық ынтымақтастықтың белсенді мүшесі болуға бағытталған.

Жаңа Астананың жарқын келбеті қалыптаса бастады. Бұрын Астананы тыңгерлердің астанасы ретінде біліп келсек, енді тәуелсіз Қазақстанның бас қаласына айналды. Бұл—үлкен мәртебе. Бүгінде халқы 500 мың адамға жеткен Астана Орталық Азия өңіріндегі күрт дамып келе жатқан қала. Президент әкімшілігі, парламент, министрліктердің орталық ақпараттары қоныстанған тамаша сарай-резиденциялар пайда болды. Келісті қонақ үйлер мен жаңа тұрғын үй кварталдары салынуда. Шетелдің дипломатиялық өкілдіктері үшін резиденциялар тұрғызылуда. Грузия, Қырғызстан, Түрікменстан, Украина және Куба өздерінің елшіліктерін ашты. Елордада Ресей елшілігінің бөлімшесі, ҚХР мен АҚШ-тың өкілдіктері бар. «Астана мен Вашингтон біздің мемлекеттеріміздің жүрегі — биліктің атқарушы, заң шығарушы және сот тармақтары шоғырланған жер болып табылады» деді Вашингтон мэрі Энтони А. Вильямс 2002 жылғы 2 маусымда Астана тұсаукесерінің кезекті жылдығына орай жіберген құттықтау

сөзінде3.Үкіметтің басқару құрылымдары, министрліктер мен ведомстволар, қоғамдық ұйымдар алаңсыз жұмыс істеп жатыр. Ерекше айтатын бір жәйт: бұлардың бәрінде де мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп, мамандар, тіпті көшедегі қарапайым адамдар өз ана тілімізде қазақша сөйлей бастады. Мұны да жаңа Астанадағы жақсы жетістіктердің бірі.

Жаңа, тәуелсіз Қазақстанды бейнелейтін жаңа елордамен қазақстандықтардың барлық ұрпақтарының арманы мен үміті астасып жатыр.Астана, бір жағынан, жаңа Қазақстанның мақтанышына, екінші жағынан —ұлттық идеяны орнықтырудың және елді біріктірудің нышанына айналды. Ол елдің орталығында, тарихи кезеңдерде Еуропа мен Азияның транзиттік күретамырын байланыстырған, дамыған индустриялық өңірде орналасқан.

Караганда - 2

**Жансүгірова Алтынай,
№ 5 орта мектебінің 10 сынып оқушысы**

Астана- байтақ жердің кіндігі бұл,
Астана- дарқан төрдің түндігі бұл
Береке, мерекесі ортақ орда,
Астана- жалпақ елдің бірлігі бұл.
А. Асылбек.

Астана сөзі бүгінде әр қазақтың жүрегіне нұр себері хақ. Астана сөзін естігенде елеңдемейтін құлақ, жарқырамайтын жанар жоқ десе де болады.Неге дейсіз ғой?!...

Қазақ халқының тарихында бірнеше Астана болған. Ол Астаналардың тарихы, тағдыры өзгеше. Ал бүгінгі, жаңа қала, бағы жанған ару Астананың соқпағы сөз айтып жеткізердей емес. Бүгін ұйықтап, ертең тұрсаң, алдында күлімдеп арай тауымен сені шаттықтың, жастықтың жас қаласы қарсы алады. Көшеде сабылысқан адамдар, жан-жаққа жөңкілген көлік, мейірімді, сүйкімді кішкене бөбектерді көресің. Бәрі де бір асығыс іс, жаңалық жасауда. Біздің Астана сол жаңарудың, даналықтың қаласы деп мақтанышпен айта аламын.

Астананың өткеніне көз жүгіртсең...

Енді Астана!...

Есіл- Нұра тел емген қос өзеннің еркесі, Сарыарқада сан қала, бағы жанған серкесі.

Бөгенбайдай ұл туып, батыр да болған Ақмола!Үмбетейдей жыр туып, ақын да болған Ақмола! Саққұлақтай би туып, нақыл да болған Ақмола!Алыс- жақын бас қосып, ақын да болған Ақмола!

Арғы- бергі тарихы қазақ елінің қалың шежіресімен біте қайнасып жатқан қаланың өткеніне көз салсақ, алты Алашқа ежелден Қараөткел деген атпен

мәшһүр болған. «Есілде-Қараөткел, Нұрада-Ақмола» деген қария сөзі соны аңғартады.

Міне, қойнауына осыншама сыр мен жер, әр тасы бір тарих ізін салып жатқан Есіл бойынан жаңа қаланың бой көтеруі құбылыс, дәстүрдегі жаңашылдық.

Ақын Әбу Сәрсенбаев кезінде:

Тағдырыңды тапсыр маған, туған жер,
Көркейтуге міндеттімін мен сені-

деп жырлағандай, осы жыр әр қазақтың жүрегінде жатса керек. Сол қазақтың бірегейі, қайталанбас тұлғасы Елбасымыздың да міндеті- туған жерін көркейту. Елбасының елім, жерім деп соққан күретамыры, лүпілі мен асқақ арманы алысқа жетелеп, сұлу қаланың келбетіне кірпіш боп қаланып келеді. Көркем, ғажайып Астананың көркеюі- Елбасымыздың кейінгі ұрпаққа аманаты, салауаты.

Астана бейнесі-қауыз жарып келе жатқан көп гүлді, мол жапырақты өсімдік тәрізді, байтақ Сарыарқа төсіндей жеке-дара жап-жасыл жазира секілді. Астананың өзіне тән қайталанбас келбеті бар, ол- бай мәдениетіміздің, барлық халықтар мен ұлттардың достық ниеті дархан мінездерінің үйлесуінен түзілген ғажайып рухани қала. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының әкімшілік орталығы, және де елорда тұрғындарымен қонақтарына жайлы тұрмысты қамтамасыз ететін тез даму үстіндегі қалалық инфрақұрылымы бар шаһар.

Астана-құрылыс нысандарының арқасында ғана емес, еліміздің Президенті және Қазақстан азаматтарының өзінің туған жерін жайнатуға, осы жерден бейбітшілік, келісім мен игілік жазирасын жасауға ұмтылған әлеуетінің арқасында астанаға айналды. Біз Астананың Есіл жағасындағы қала ретінде де, Қазақстан Республикасының астанасы ретінде де, бүгінгі күні едәуір сүйінішті макроэкономикалық көрсеткіштерге қол жеткізгеніне қуанамыз. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлының шешімімен еліміз жаңа ғасырға қадам бастап келеді, әрі шикізаттық өндірушілік жақсарып, саяси, экономикалық, әлеуметтік құрылыс дамуда. Осының бәріне көп күш-жігер жұмсалды.

Сонымен қатар, Астана- бұл бүкіл қоғамның ереже-тәртібі мен салт-дәстүрі, мінез-қылық құрылымдары қалыптасатын жер. Астананың жаңаруының нышаны- оның көп ұлтты халқының жасампаз күш қуатының куәсі. Бұл соншалықты жеңіл болмады, бірақ халықтың өзінің гүлденген болашағына, ұрпағының келешегіне зор үмітімен қарауы елді одан әрі гүлдендірді. Қазір де қазақ елінің қамын ойлаған Президентіміз халқына арнап мектептер, аурухана мен зәулім ғимараттарды салуды әлі жалғастыруда.

Қала дегеніміз- материалдық болмыс қана емес. Қала дегеніміз- таң қалдырар, тамсандырар сән-салтанаты мен эстетикалық рухы бар өнер туындысы да.

Шығыстың заңғар ойшылы Шыңғыс Айтматов: «Қалалар- біздің өткеніміз, бүгініміз бен болашағымыз. Қаланың бейнесі мен тыныс тіршілігі адамның рухани болмыс- бітіміне тікелей ықпал етеді. Ол ұлт табиғатымен және мінез-кұлқымен тығыз байланысты» деген екен. Ендеше, Астананың көрікті келбеті, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, болмыс-бітімі, ұлттық сипаты.

Республиканың бас қаласының Астанаға ауысуының өзі Елбасының 2030 бағдарламасының нық қадаммен жүзеге асуының кепілі.

Қазақстан Республикасының бас қаласы Астананың келбеті күннен күнге көркейіп, халықаралық мерейі өсіп келеді. Оның Еуропалық үлгідей бой көтерген әдемі, заңғар биік-биік үйлері көз тартады. Бұл қарыштаған қырандай Қазақстанның қарқынды дамуы.

Кеудесі өрке Есілмен көмкерілген,

Астана- жайған кеме желкені кең.

Іс ірі – алқабына тер төгілген

Мүсіні көрінетін ертеңіммен,-

деген жыр жолдарында, шындықтың негізі жатыр. Ертеңгі ұрпақ елінің тарихын, қала көркінен мүсіндейтін болады.

1996 жылдан бастап құрылыс жүрді.

Еліміздің бас қаласы құрылыстарында өзіміздің он төрт облыс өкілдерінен басқа Түркияның, Польшаның, Албанияның, Жапонияның, Ресейдің кәсіби құрылысшылары, сәулетшілері келіп, әлемдік деңгейдегі ең әдемі де еңселі астаналар қатарына көтеруге үлес қосуда. Тәуелсіздікті тұғырына қондырып, байрағын бейбіт күнде желбіретіп, ел тізгінін түзу бағыт, татулықпен алып келе жатқан Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ақ жолы.

Айталық, алғашқы жылдары ірі құрылыстар «Самал» ықшам ауданы тұрғын үй құрылысынан басталса, кейіннен оның санын айтып жеткізу қиын. «Интер Континенталь» қонақ үйі, «Стратегиялық жоспарлау комитеті», «Еуразия университеті мен Ұлттық музей ғимараты» бәрі-бәрін түркиялық құрылыс компаниялары ат салысуымен бой көтерген.

«Министрлер кабинеті ғимараты», «Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкімет аппараты әкімшілігінің басты ғимараты» барлық газет-журналдарда жарияланып, Қазақстан елін әлемге танытып отыр. Анау «Анкара» қонақ үйін айтыңыз...

Әсем қала мерейтойына орай ерлігі де, өрлігі де ұрпаққа өнеге болып жалғасқан қасиетті қазақ жерінің шежіресін паш етер, көңілі дархан, жаны жомарт қазақ елінің ұлылығын ұлықтайтын асқақтата, айбынды ажарлы Астананың «Қазақ елі» монументі бой көтерді. Тәуелсіздігіміздің символы- «Қазақ елі» монументі асқақтап тұр.

Астана - өнердің де өзгеше өркен жаяр Отаны болып табылады. «Конгресс Холл» сарайында өткен бар өнер жарысы да халықаралық деңгейде өтіп жатыр.

Астананы көрген сайын зор мақтаныш, қуаныш сезімі бойыма келеді де тұрады. Ол - менің Қазақстаным!

[Введите текст]

Қазақстан- осындай алып қазақ деген көштің бағыт-бағдары, жаңалық жаршысы! Астана-даналықтың ескерткіші, бар ұлттың, елдіктің қайнар көзі.

Мен Астанаммен мақтанамын! Өз кезегімде де менде Астананы көркейтуге ат салысамын!

**Жауханова Лаура,
школа-лицей № 7, ученица 8 класса**

Астана была основана в 1824 году как крепостное поселение. Город сменил ряд названий : Акмолинск , Целиноград, Акмола. В 1997 году город Астана стала столицей Казахстана. Сейчас там проживает более 600000 человек. В этом году Астане исполняется 13лет, а его президенту Н.А. Назарбаеву – 70.

Сегодня Астана имеет свой неповторимый облик. Это административный центр Республики Казахстан, с бурно развивающейся городской инфраструктурой, которые обеспечивают комфорт жителям и гостям столицы.

Прекрасные жилые комплексы, величественные здания , цветники и фонтаны, прекрасные памятники архитектуры-сегодня Астана с каждым днем предстает перед нами во всем своем архитектурном блеске. И думаю, что по своей красоте она не будет уступать многим мировым столицам.

Астана, словно распускающее бутоны многоцветное и многолепестковое растение, образует своеобразный оазис среди бескрайних просторов Сарыарки.

Обводные контуры Ишима создают впечатление о новой столице как городе , плывущем по водной глади устья реки. Левый берег – это красивые архитектурные конструкции .

Вот вырос каменный цветок «Байтерек» и , распустив лепестки , представил миру огромный блистающий шар – символ жизни и добра, озаряющий окрестности яркими бликами отражении лучей солнца.

Величественные контуры здания «Казмунайгаза» напоминают срез огромной пирамиды.

Юртообразный купол Резиденции президента с развевающимся национальным флагом словно служит напоминанием всему окружающему о приоритетах миролюбия.

Два стрелоподобных высотных административных здания по бокам светло - синего холма Резиденции напоминают маяки, которые освещают дорогу степным путникам и указывают путь к сердцу Сарыарки.

Два крылатых барса навевают поэтические образы о героическом прошлом казахского народа. Обращая свой взор на правый берег Ишима , наталкиваешься на цепочку современных зданий – жилых комплексов.

Абай, Пушкин, Кенесары и многие другие образы великих поэтов, мыслителей запечатлены в мраморе и бронзе.

Едва ли что-то осталось от провинциального города, который числился столицей Целинного края.

Столица преобразилась. Она приобрела такой вид, что словно говорила : «К занятию поста столицы Казахстан – готова!» И сейчас, когда Астана продолжает стремительно преображаться во всем своем величии, я думаю, что мечта Н.Назарбаева сбылась. Казахстан стал многонациональным центром Евразии, уважаемым и признанным государством во всем мире .

В далеком детстве бабушке Нурсултана снился сон : будто садится ее внук на белого тулпара и сразу взмывается в небо. В этом 2010 году «джигиту на белом тулпаре» исполняется 70 лет. И я верю в нашего Президента как никто другой и знаю, что все у нас будет хорошо. Я, мои родители, мои дети и внуки будут жить в стабильном государстве и их ждет светлое будущее.

**Кәкімжан Айбатыр,
№ 10 орта мектебінің 10 сынып оқушысы**

Елордамыз Астана қаласының тарихының тамыры тереңде жатыр. 1997 жылы қаңтардың 20 жұлдызында Елордамыз Алматы қаласынан Ақмола қаласына Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының қаулысымен көшірілген болатын. Ал 1998 жылдың 6 мамыр күні Ақмола Астана болып өзгертілді. Міне осы күннен бастап елордамыз Астананың тамырына қан жүгіргендей, жаңа ғимараттар мен зәулім үйлер тұрғызылды. Қазіргі таңда Ару қаламыз Астана дүние жүзі халықтарының ауызында. Бір қаланың бастан аяқ қайтадан заманауи сәулет өнерінің үздік үлгісімен бір қала салу үшін азғантай уақыт болып саналатын он жылда салынуы әркімге таңдай қақтыруда. Себебі, бұл бұрын соңды болған оқиға емес. Ол зор күштің, ірі қуаттың, ірі мәдениеттің, көреген, алысты болжай алатын астарлы ойдың туындысы. Ол көшпелі қазақ елінің мәдениеттің отырықшы түрін жете меңгергендігінің куәсі, ол Қазақстанның әлемдегі 200 ден астам мемлекеттердің ішіндегі әншейін бірі ғана емес екендігінің айғағы. Қазақ елі ескі мен жаңаны, отырықшы мәдениет пен көшпелі мәдениетті, дала мен қала мәдениетін бірдей бойына дарытқан сонымен қатар кәрі құрлық пен жас құрлықты қосатын яғни Азия мен Еуропаны жалғастыратын алып көпір секілді бірден бір ел.

Бүгінде аспанмен астасқан зәулім ғимараттары алыстан көз тартады. Ақын Мұхтар Шаханов ағамыз:

«Үлкен адам болу үшін ғаламда,

Үлкен арман керек екен адамға», дегендей арман қуып, алдындағы мақсатына қол жеткізу үшін Астанаға еліміздің түпкір-түпкірінен жастар ағылып келуде. Елордамыз мемлекетіміздің жүрегі болғандықтан қазіргі таңда Еліміздің бетке ұстар Оқу орындары мен сапалы Медициналық орталықтар және әр түрлі салаларға қатысты мекемелер жұмыс жасауда.

Міне осындай Қазақстанымыздың жаста әрі сұлу Астанасын көркейтуде Елбасымыздың атқарған шаруасы мен еткен еңбегі ерең. Демек Еліміздің тәуелсіздігінің тірегі, жеріміздің кіндігі, еліміздің түндігі Астананы Елбасымыздың батыл шешіміменен, салиқалы ойыменен өмірге келген, қазақ халқының сан ғасырлық арман-мақсатының шұғылалы шуағы төгілген мекен деуге болады.

Асқақ армандар мен ақталған үміттердің қаласы – Астанамен бірге өсіп, өркендеп келе жатқаным үшін өзімді бақытты жандардың бірімін деп білемін.

Астанамыздың болашағы жарқын. Астана қазақтың бас қаласы болып, өскелең ұрпақтың жарқыраған жұлдыздай келешегіне өз үлесін қосары сөзсіз. Елордамыздың өркендеуі еліміздің өркендеуінің белгісі. Ендеше жаста әрі бас қаламыздың жаңадан қаланған іргетасының берік болуы да мемлекетіміздің болашаққа нық сеніммен жасар қадамының нағыз кепілі. Ал Астананың гүлденіп әлемге танылуы жастардың қолында. Келешегің жарқын болсын, халқымның ақ ордасы, көркейіп, биіктерден көріне бер Астанам!!!

**Кенжебеков Нұрәлі,
№ 11 орта мектебінің 8 сынып оқушысы**

Тарихшылар әлі күнге дейін жер бетінде алғашқы қала қайда, қашан пайда болды деп таласады. Сірә, бұл маңызды емес шығар. Ең бастысы, қалалар адам, халық және өркениет тарихының ең шиеленісті, шаттықты және опықты оқиғалары өткен жерлерде пайда болды және бола береді. Алайда өткеннің, бүгіннің және болашақтың «түйін» түйген жерлерінде айрықша оқшауланып астаналар тұр. Оларға әр халықтың кеңістік пен уақыт арқылы өзінің даму жолында жасаған ең басты жетістіктерін әйгілеп көрсету абыройы бұйырды. Дәуірдің табы мен мәнері екі-үш айшықты сызбамен бейнелене береді.

Астананы құру – ұлттық тарихтың жаңа мәтінін жазу. Мұндай мәртебе әр ұрпақтың маңдайына бұйыра бермеген. Екі мың жылдықтың тоғысында біз шешім қабылдап, Еуразияның жүрегінде іс жүзінде жаңа астана құрдық.

Шағын да әсем қала бүгін ұйқысынан тез-ақ оянды. Ерте оянды. Таң шапағы шаттығын енді ғана шашыратып, шығыстан көмескі көрінген аппақ сәуле сәлден кейін ғана, бірте-бірте айқындалмақшы. Адамдардың жұлдызы жанып, бақытқа кенелетіні сияқты, қалалардың да өз өмірі болады. Қалалар өледі, қайта жасарады, қартаяды немесе даңқы мәңгі өшпейтін жұлдызды қалаға айналады.

Өңгіме мен жайында. Мен – Ақмоламын. Қаламын. Ертіс жағалауында орналасқанмын. Қала болып 1831 жылы құрылдым. 1961 жылға дейін Ақмола қаласы болып аталдым. Кең – дария, ұшар шеті көз жетсе көкжиектен ұштасқан менің Қазақстан атты елімнің бір қойнауында ғана орналасқан қаламын. 1961 жылдан бастап Целиноград атандық әр дәуірдің өз

тарихы бар. Менде бірнеше ұлттың өкілі ынтымақтасып өмір сүрді. Кеңестер Одағындағы ортақ тіліміз орыс тілі болатын. Целиноград. Тың және тыңайған жерді нығайту кезеңін де қуана қабылдады. Ұлт достығы салтанат құрды. Қазір де солай.

1998 жылғы 6 мамырдағы Қ.Р.Президентінің жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді. Бұл күн – менің жұлдызым жарқырап, менің жеріме Қыдыр бабамның көзі түскен күн.

1997 жылғы 20 қазанда Қ.Р.Президентінің жарлығымен Целиноград қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Бұл күн жұлдызы жариялаған тәуелсіз, өркениетті қазақ елінің жаңа алтын әріппен 4-ші астанасының тарихқа жазылуы. Жас Дос! Сізбен бірге тарихқа шегініс жасап көрелік.

Қазақстанның тұңғыш астанасы 1920 жылдан бастап Орынбор қаласы болды.

1925 жылы Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласына көшірілді. Атақты Түркісіб құрылысы астананы Алматыға көшіртуге басты себеп болды. Бұл дата 1227 жылғы 3-сәуірде, іс жүзінде 1929 жылы жүзеге асырылды. Астана (1998 жылдың 6 мамырына дейін Ақмола) Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20-қазандағы Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Парламентінің мақұлдауымен 1997 жылғы 10-желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Жаңа елорданың халықаралық тұсаукесуі 1998 жылдың 10 маусымында өткізілді. Осындай тарихтың белестерінен өтіп, тәуелсіздікке ие болған азат еліміздің Астанасы ұлт мақтанышы. Қойнауы небір байлыққа тұнған Қазақстан атты ұлан байтақ жердің бетке ұстар айбыны Астана қаласы күннен күнге жайнап, дамып, көркейіп келеді. Оның болашағы зор екендігін үмітіміз мол.

«Армансыз адам – қанатсыз құс» демекші алға қойған барлық мақсатымызға жетер күн жақындап қалды. Тәуелсіз еліміздің көк байрағы желбіреп, Астана қаласы гүлдене берсін!

Лукаш Анастасия,

№ 3 орта мектебінің 9 сынып оқушысы

Қазақстан – ежелгі ел, бірақ әлемнің қазіргі картасынан ол таяуда ғана, яғни 1991 жылы орын алды. Біздің Отанымыз – егеменді, тәуелсіз Қазақстан мемлекеті. Жүз отыздан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған Алатаулы өлкеде, кеңшілігі керемет, дархан дастарқандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі мыңғырған, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады!

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап көптеген жетістіктерге жетті, атап өтсек: экономика саласында, мемлекет мәртебесі едәуір жоғарылады. Президенттің әр минөті, әр сағаты, әр күні баяғы замандардан бері тағдырға есесі кеткен халқына қызмет етуге арналып келеді. Әлем саясаткерлерінің арасында ерекше болмысымен оқшаулана көрінетін Нұрсұлтан бішұлы Назарбаев

қазақтың, қазақстандықтардың тағдырын бүкіл әлем қызыға қарайтындай жағдайға жеткізіп келеді деуге болады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев-Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті 1991 жылы 1 желтоқсанда сайланды және қазіргі уақытта дейін.

Н.Ә.Назарбаев 1940 жылдың 6-шілдесінде Алматы облысы, Қарасай ауданындағы Шамалған аулында өмірге келді. Ол қарапайым балқытушыдан бастап, Елбасына дейінгі қиын да қызықты өмір жолын жүріп өткен.

Н.Ә.Назарбаевтың жылы жүзі, жұртты бірден өзіне баурап алатын қасиеті, сөзден өрмек тоқитын шешендігі, кісілігі мен талғампаздығы, психологиялық байқампаздығы, айналып келгенде, елінің, халқының жалпы түркі әлемінің көк туына айналуына ықпал етті.

...«Алатауға сыймай бара жатқан жоқпыз, қимай бара жатырмыз» деп Сарыарқа төсіне Қазақстанның бас қаласын ауыстырған Елбасы Алматы әуежайында абыз тауға бас иіп, ұшаққа отырған. «Астана – Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамашылығымен, қажыр-қайратымен, беделімен, бақылауымен салынып жатқан қала. Мұны жалғыз біз ғана емес, алыс-жақын елдердің басшылары – президенттер, корольдер, парламент мүшелері, премьерлер, Астана феномені қызықтырған зерттеушілер, сарапшылар айтып жүрген, тұрақталған тұжырым. Олардан көпшілігі Астана қаласының құрылысын дүние жүзіндегі елеулі оқиғаға балап, сол қаланың бас сәулетшісі бола білді.

1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Қазақстанға медаль және «Әлем қаласы» жоғары атағы берілді.

Астана – Еуразияның жүрегі. Астананың көптеген көрікті жерлер бар. Ол бірінші – «Астана-Бәйтерек» кешені болып табылады. Осы аталмыш кешеннің «дүниеге келуіне» Елбасының көп ықпалы тиді. Есідің сол жағында бой көтерген алғашқы сәулет туындысы. «Бәйтеректі» «өмір ағашы» деп те аталады. Бұл сәулет туындысы халық ертегісі Ер Төстіктің оқиғасы желісімен өрілген. Естерінде болса, өз бақытың іздеп шыққан Ер төстік қиын-қыстау заманда әулім бәйтерекке тап болады. Ұшар басына көз жетпейтін мәңгілік өмір ағашына таң-тамаша қалады. Нақ төбесіне де ұя салған самұрақ құстың алтын жұмыртқасына ие болды. Сөйтіп, бақытты-баянды ғұмыр кешеді. Мәңгілік өмірі жер жаһанға жария етіп тұрған «Бәйтерек» – Бас қаламыздың символы. «Астана-Бәйтерек» үш бөліктен – тамыры, діңі және ұшар басынан тұрады. Астананың қасиетті белгісі болып табылады. 97 метр биіктікте көрініс алаңы орналасқан, сол құс ұнатын ұядай жерден бой келе жатқан Астананың көрінісін көруге болады.

Аз уақыттың ішінде Президенттік Мәдени орталық, Конгресс-холл, Мәдениет сарайы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті, ауқымды жаңа тұрғын ықшамаудандар, халықаралық деңгейдегі мейманханалар салынып, Абай мен Кенесары ханға ескерткіштер орнатылды.

Жұрттың көз алдында Астана Қазақстанның ең көркем қаласына айналып келеді.

Бүгінде Астана – саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени мәселелер бойынша түрлі кездесулер өтетін еуразия кеңістігінің орталығы болып саналады.

Біз Қазақстан азаматы екенімізді мақтан етеміз! Елімізді де, елді басқарған ерімізді де.

Ол елдің аты – Қазақстан.

Ол ердің аты – Нұрсұлтан.

[Введите текст]

Әлем мойындаған мемлекетке айналу деген осындай болады.

Әлем таныған тұлғаға айналу деген осындай болады.

Еліңді еңселенту, халқыңның бағын жандыру деген осындай болады.

**Молдақайырова М.,
№ 6 орта мектебінің 11 сынып оқушысы**

Көзіңді аш оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты,
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты! -

дейтін Міржақып Дулатовтың жалынды өлеңі қазақ жастарын, халқын ертеңге жетелеген дауылды жылдардың елесіндей сезіледі.

Өткен тарих – ұрпаққа аманат. Қайсар елдің ұлдары еш қиыншылықтан қаймықпай, болашаққа нық қадаммен қарыштауы керек. Қиындық болмай бақытты шақ болмайтыны белгілі. Сондықтан, арттағы күндер алдағы жетістіктердің куәсі. Заман алға озған сайын мақсат пен міндеттің жүгі ауырлайтыны заңдылық. Сондықтан, арманымыз алға жетелесін! Ата-бабамыз тәуелсіздікті талай ғасыр армандап өткен. Өздерінің мақсаттары күндердің күнінде орындалатынына сенген.

Сондықтан, елі үшін, жері үшін айқасқан, түпкі мақсаттары – тәуелсіздік үшін күрескен. Ол көптен күткен ата-бабаларымыздың мақсаттары, тәуелсіздікке 1991 жылы Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың арқасында қол жеткіздік. Осы жылдан бергі қол жеткізген жетістіктеріміз ұшан теңіз. Мұның барлығы еліміздің ертеңгі – келешек ұрпақ үшін жасалып жатқан игі қадамдар.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады.

1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы жоғары кеңесі Қазақстанның конституциясын қабылдады.

1995 жылы 30 тамызда жаңа конституция қабылданды.

1998 жыл Қазақ қазақ болып өз астанасын өзі шешкен шешуші кезең болды. Бұған дейін астаналарымызды «орталықтың» ойынан шыққан астаналар деп қарауға болады. Ақмешітке (1925ж) бізді Мәскеу көшірді. Алматыға (1929ж) да бізді Мәскеу көшірді. Астананы Ақмолаға көшіру Қазақстанның жаңа талпынысының бір белгісі болды. 1994 жылғы шілдеде астананы Ақмолаға көшіруге шешім қабылданды.

Ақмоланың аумағын адамдар өте ерте кезден-ақ мекендеген. Археологтар бүгінгі «Ақорда» маңынан XI ғасырдың Бозақ қалашығының орнын тапқан. Бірнеше ғасыр бойы бұл жерде Қараөткел транзиттік және сауда-айырбас орталығы орын алған. Уақыт өте келе ол Ақмола елді мекеніне айналған. 1832 жылы бұл жерде Ақмола сыртқы округі ашылып, 1862 жылы округтік қала мәртебесіне ие болған. 1961 жылы Ақмола қаласының аты Целиноград болып өзгертілді және ол Тың өлкесінің орталығына айналған.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы қалаға тарихи Ақмола атауы қайтарылып берілді. Бес жыл өткен соң, яғни 1997 жылы 10-желтоқсанда

бұрынғы тыңның астанасы Ақмола қаласы Қазақстанның ел ордасы болып жарияланды.

Академик Қаныш Сәтбаевта кезінде Қазақстан Республикасының астанасын Қарағандыға не Целиноградқа көшіруді ұсыныпты. Ардақты ғалым, қайраткер республиканың астанасы елдің шеткі түкпірінде болмауы тиістігін айтқан екен.

Ақмола атауы ұзақ тұрмады, 1998 жылы 6-мамырда Ақмола Астана болып қайта аталды. Астана деген ғұндардың тілінде «Батыс орталық» деген мағына береді екен. Астана тоғыз жолдың торабында тұрған қала. Жалпы әлемдегі үлгі-қалып бойынша қала астана болу талаптарына сай.

Қазақстан астана ауыстыру ісін аса табандылықпен қолға алған, Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи ерлігі, ел басшысы ретіндегі көрегендігі, көзі жетіп, көңілі сенген істен қайтпайтын қайсар табандылығы мен ерлік-жігерінің молдығынан еді. Мұндай іске тек өз ісінің дұрыстығына бар болмысымен сенген және осы жолда қандай қиындық кездессе де қалтқысыз қолдау көрсетер халқының бірлігіне сүйенген басшы ғана бара алса керек. Президентіміз сол қиындыққа төзіп, оны жеңе білген халықтың бүгінгі өз игілігі үшін, ертеңгі болашағы үшін болатын қиындықтарға қандай жағдайда да төтеп беретініне сенді. Ол қазақ халқының астанасын ғана өзгерткен жоқ, барлық салада, бәрінде түгелімен, түбегейлі өзгертті.

Астана қаласын дамытудың әрбір қадамы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен, қадағалауымен жасалып отыр. «Астана менің перзентім» деген сөзді Президентіміздің аузынан жиі естиміз.

Астана елдің жаңаруының символына айналды. Астананың архитектурасында әр түрлі стилдер қатар қолданылған. «Пирамида» деп атап жүрген Бейбітшілік пен келісім сарайының жанынан жаңа тәуелсіздік сарайы салынған. Оның алдында «Қазақ елі» деп аталатын үлкен монумент орнатылған. Оның биіктігі 91 метр. Бұл біздің тәуелсіздігіміз қолға тиген 1991 жылды еске салады. «Бәйтеректің» биіктігі 97 метр, ол елордасы Алматыдан Астанаға көшіп келген жылдың екі цифрына сәйкес келеді. Біздің астанамыз қай жағынан қарағанда да кісі қызығарлықтай.

Астананы көшірер кезде қазақтың саны Ақмолада тіпті аз болған. Осы кезде қазақтың басы өсті. Қазір Астана нағыз қазақтың қаласына айналған. Оңтүстіктен жұмыссыз халықтың біразы Астанаға келген. Демографиялық жағдайы өзгерді. Біз Астана салу арқылы Қазақстанның мүмкіндігін бүкіл әлемге көрсеттік. Дүниежүзіне архитектураның үздік үлгілері бойынша қала тұрғыза алатынымызды таныттық.

Астананың көркеюі – ел дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі.

Мемлекетіміздің басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың батыл қадамы мен аз ғана уақыт ішінде бой көтерген көз жауын алар әсем Астана жедел дамып, көркеюде.

[Введите текст]

Сарыарқаны қазақ рухының символы десек, оның төрінде орналасқан Астана қаласын бірлік пен татулық, парасат пен сенімнің ордасы деп қабылдаймыз.

**Мулдашева Айнур,
средняя школа № 3, ученица 10 класса**

Отансыз адам – ормансыз бұлбұл. Человек, как птица, не может жить без родины. Любовь к родине рождается постепенно: к матери, к семье, к родному городу, в котором ты живёшь, к Отчизне. Именно эта любовь даёт нам право с гордостью говорить: «Я гражданин Казахстана!»

Я горжусь, что я родилась в Казахстане, это моя Родина. Об этой удивительной земле сложено много песен и легенд, красоту её передают писатели и художники. Казахстан - богатейшее государство со своим прошлым, настоящим и будущим. И моё место здесь.

Жизнь человека тесно связана с Родиной. С тем местом, где он родился. Президент Казахстана сказал: “В этом мире у нас есть лишь одна родина - это Казахстан!” Мы молодое поколение, всегда помним эти слова, потому что именно нам строить и беречь нашу страну, укреплять мир и дружбу между народами.

Сердце любого государства – это его столица. Столица моей Родины – это Астана. Когда я смотрю на город, который год от года становится краше, гордость переполняет моё сердце. Этот город завораживает, удивляет, захватывает... Трудно поверить, что за десять лет он смог превратиться в прекрасную столицу. Но это действительно так.

Молодость и блеск - визитная карточка Астаны. Посмотрите, как тянутся ввысь высотные здания, совсем не похожие одно на другое. Это стремление столицы и всего казахстанского народа к новым высотам.

